


3

«Қамқорлық» ерте араласу орталығы ашылды

6

Сыр мәдениетіндегі серпін: 3 жылда 19 нысан салынды



Сыр бойы

№185-186 (21061-21062) 6 желтоқсан, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ӘРБІР КӘСІПКЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ – ЕЛ МЕРЕЙІНІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ
«АЛТЫН САПА» ЖӘНЕ «ПАРЫЗ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ
ЛАУРЕАТТАРЫН, «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ»
КӨРМЕ-КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН
МАРАПАТТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қадірлі қауым!
Құрметті кәсіпкерлер!
Бүгін еліміздің бизнес қауымдастығы үшін өте маңызды күн деуге болады. Біз биыл да қалыптасқан дәстүрге сай «Алтын сапа», «Парыз», «Қазақстанның үздік тауары» байқауларының жеңімпаздарын марапаттап жатырмыз. Баршаның шын жүректен құттықтаймын!

Осы жердегі әр кәсіпкердің жетістігі – ел мерейінің айқын көрінісі. Сіздер сапалы өнім өндіріп, экономиканы дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға зор үлес қосып келесіздер. Әлеуметтік жауапкершілікті терең сезініп, қайырымдылық істерге белсене атсалысып жүрісіздер. Бұл – өз кәсібін адал, іскер және нағыз отаншыл азаматтарға тән асыл қасиет деп санаймын. Мемлекет Сіздерге әрдайым қолдау көрсетуге дайын.

Биылдан бастап 29 қазан «Қазақстан кәсіпкерлері күні» болып ресми түрде бекітілді. Сонымен қатар мен жоғары әлеуметтік жауапкершілік танытып, қайырымдылық істерге мол үлес қосқаны үшін еліміздің үздік кәсіпкерлеріне берілетін арнайы марапат – «Мейірім» орденін тағайындау туралы шешім қабылдадым. Келесі жылдан бастап залда отырған бірақтар кәсіпкер осы мәртебелі орденмен марапатталады. Бұл еліміздегі барша бизнес өкілдеріне деген айрықша құрметтің белгісі болмақ.

Бәсекеге қабілетті бизнес – кез келген мемлекеттің тірегі. Биыл Қазақстан экономикасының өсімі 6 пайыздан асады деп болжануда. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Еліміздің ішкі жалпы өнімі алғаш рет 300 миллиард доллардан аспақ. Өздеріңіз білесіздер, қазір біз инфрақұрылымды дамытуға, экономиканы әртарапандыруға баса мән беріп жатырмыз. Сондықтан Үкімет дайын өнім экспортын арттыру ісімен белсенді түрде айналысуы қажет. Қазіргі таңда бұл салада біраз жетістіктеріміз бар. Өңдеу өнеркәсібіндегі қосымша құн көлемі бес жылда 25 пайыздан астам өсті. Бұл – тау-кен саласынан едәуір жоғары көрсеткіш. Соңғы жылдары негізгі капиталға тартылған инвестиция 70 пайызға көбейді. Нақты сектордағы еңбек өнімділігі 40 пайызға артты. Шикізаттық емес экспорт көлемі 2 есеге жуық ұлғайды. Тауарын шетелге өткізетін кәсіпорындар саны 3 есе көбейді. Соның арқасында бүгінде өнімдеріміз 140 мемлекетке шығарылады. Қазақстан тауарлары әлемдік нарықтан өз орнын алып жатыр деп күмәнсіз айтуға болады. Осы орайда, шағын және орта бизнестің рөлі айрықша екені сөзсіз.

Жалпы, еліміздегі кәсіпкерліктің даму қарқыны – белсенді, бүгінде олардың экономикадағы үлесі 40 пайызға жетті. Бес жылда шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 1,5 есе артты, ал шығарылатын өнім көлемі 2,5 есе көбейді. Елімізде жұмыс істейтін азаматтардың жартысына жуығы, яғни 4,5 миллион адам бизнес саласында еңбек етеді.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

БАҒДАРЛАМА БЕРЕКЕСІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының орындалуы, Мемлекет басшысының ел аумағына 2 млрд түп ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасын іске асырудағы мәселелер талқыланды. Оған облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Қызылорда облысында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаттандыру және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыру бағытында кешенді жұмыс жүргізілуде.

3-бет

/// САПАР

СУ РЕСУРСТАРЫ: БОЛЖАМ ЖӘНЕ ЕНДІГІ МІНДЕТ



Үкімет басшысының орынбасары Қанат Бозымбаев өңірге жұмыс сапары барысында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов және Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровпен бірге фермерлермен алдағы вегетациялық кезеңге дайындық, ауыл шаруашылығы дақылдарының егін аландарын әртарапандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу мәселелерін талқылады.

Кездесуде Сырдария өзені бас-сейініндегі судың аздығы туралы қалыптасып отырған ахуал талқыланды. Нарын-Сырдария каскадына келіп түсетін су көлемі айтарлықтай төмендеген. Бұл келесі жылғы вегетациялық кезеңде су тапшылығы қаупін тудырады. Оның салдарын барынша азайту мақсатында Су ресурстары министрлігі су қоймаларының жұмыс режимдеріне қатысты бірнеше болжамдық нұсқа әзірледі. Су тым аз келген жағдайда ресурстарды қайта бөлу және лимиттерді түзету қажет болатын сценарийлер пысықталды.

Су ресурстары шектеулі болған жағдайда ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі ылғалды көп қажет ететін дақылдар алқаптарын қысқарту және құрғақшылыққа төзімді, аз су қажет ететін дақылдарды енгізу арқылы егін

алқаптарын әртарапандыру жұмыстарын жалғастырып келеді.

Барлық су тұтынушылар судан тапшылық көрмеуі үшін және Сырдария өзенінің төменгі ағысында төтенше жағдай туындауына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысында 2026 жылы күріш егістіктерінің алаңы 70 мың гектардан аспауға тиіс.

Бір айта кететіні, егін алқаптары жыл сайын онтайландырылып жатқанына қарамастан, орташа өнімділік өсіп келеді (2024 жылы 85 мың га алқапта гектарынан 58 центнер, 2025 жылы 80 мың га алқапта гектарынан 58,1 центнер алынды). Бұған жаңа күріш сұрыптарын енгізу және заманауи техниканы пайдалану ықпал етіп отыр.

2-бет

ЖАҢА ҮЙДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Кеше Шиелі кентіндегі «Шұғыла» мөлтек ауданында әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін салынған тұрғын үйдің кілтін табыстау рәсімі өтті. Оған облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, зиялы қауым өкілдері мен тұрғындар қатысты.



Облыстық мәслихат төрағасы жаңа үй иелеріне ізгі тілегін білдіріп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы баспана жұртшылықтың тұрмыс сапасын танытатын маңызды көрсеткіш екенін атап өтті. Аймақта Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлестеріміздің бекем бірлігінің арқасында байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар іске асырылуда. Өңірдің сәулеттік келбеті күн сайын жаңарып келеді. Әрбір баланың шығармашылықпен, спортпен айналысуына мемлекет тарапынан барлық мүмкіндік жасалған.

«Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидаты ел дамуының темірқазығына айналды. Бұл халықтың ынтымағын нығайтып, мемлекеттің қуатын арттырады. Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру жолында Сыр жұртшылығы да бекем бірліктің, ерен еңбектің үлгісін көрсетуде.

Өңіріміздің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсімі қамтамасыз етілді. Кейбір көрсеткіштердің мәнін терең түсінуіміз қажет. Өйткені, ол – жай ғана статистика емес, жерлестеріміздің еселі еңбегінің жемісі.

Бүгін – мемлекеттің қолдауымен баспаналы болуға талап қылған әрбір отбасы үшін ерекше қуанышты күн! Жаңа үйлеріңіздің іргетасы берік, қабырғасы мығым, ішіндегі әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай! – деді М.Тлеумбетов.

Рәсімде Шиелі ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен тұрғын үйді салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Еңбек ардагері Т.Жағыпбаров жиналған жұртшылыққа бата берді.



ӘРБЫР КӘСІПКЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ – ЕЛ МЕРЕЙІНІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ

Мен Мемлекет басшысы ретінде шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша мән беріп отырмын, негізгі мәселенің бәрі де менің жеке бақылауымда. Үкімет кәсіпкерлікті жандандыру үшін ауқымды жұмыс істеп жатыр, кедергілерді жою үшін нақты шаралар қолдануда. Дегенмен, әлі де шешімін таппаған өзекті мәселелер мен түйткілдер аз емес, оны біз ашық түрде мойындаймыз.

Ең алдымен, қосылған құны жоғары сапалы өнім өндіретін шағын бизнеске барынша жағдай жасалуы қажет. Мемлекет тарапынан тиісті қолдау көрсете отырып, кәсіпкерлеріміздің өз істерін кеңейтіп, жаңа деңгейге шығуына серпін берген жөн. Мұны кәсіпкерлікті дамыту саясатының маңызды шарты деп айтсақ, артық болмайды.

Осы тұста мынадай бірқатар маңызды мәселеге баса назар аударған жөн.

БІРІНШІ. Үкімет жүргізіп отырған экономикалық саясат аясында инфляцияны тұрақтандыру және төмендету, экономиканың орнықты өсімін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың нақты табыс табуына жағдай жасау өте өзекті міндет саналады. Осы бағытта таяуда Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2026-2028 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл бағдарламасын қабылдады. Мен бұл жайында ауыл әкімдерінің диалог-платформасында айтқан едім. Аталған бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін барлық салалық органдар мен әкімдіктер жұмыла жұмыс істеуі қажет екенін тағы да атап өткім келеді.

Кәсіпкерлер үшін салық, тариф және реттеу саясатының айқын әрі әділетті болғаны ерекше маңызды. Жаңа Салық кодексі мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастық моделін жаңғыртады. Кәсіпкерліктің орнықты дамуы өзара міндеттерді орындауға негізделетінін түсінгеніміз жөн. Осы орайда мемлекет қолайлы іскерлік орта қалыптастырады. Ал бизнес салықтан жалтармайды. Бұл дамыған, өркеніетті елдердің барлығына тән. Соған қарамастан маған бизнес тарапынан жаңа Салық кодексінің кейбір нормаларын іске асыру мәселесіне қатысты өтініштер түсіп жатыр. Өтініштердің мазмұны баршаға мәлім, олар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануда. Үкімет оларды мұқият саралап, ақылға қонымды шешім табады деп ойлаймын. Анығын айтқанда, басқа жол жоқ. Бұл – мемлекеттік ауқымдағы міндет.

Салықтық әкімшілендіруді жетілдіруге баса мән беру қажет. Аталған мәселені цифрлық құралдар арқылы шешу кәсіпкерлерді алдандатып отырған көптеген түйткілдің түйінін тарқатуға мүмкіндік береді. Келесі жылы Қазақстандық тауар өндірушілер реестрі мен Тауарлардың ұлттық каталогы енгізілетінін де ескеруге тиіспіз. Жаңадан іске қосылатын бұлт тетіктер кейбір кәсіпорындардың мемлекеттік сатып алу байқауларында негізсіз артықшылыққа не болу мәселесін реттеуге ықпал етуі керек. Үкімет «Атамекен» палатасымен бірге осы жылдың соңына дейін бизнес-қоғамдастыққа зияны тимейтін жаңа нормалар енгізуді қамтамасыз еткенін жөн.

ЕКІНШІ. Мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын өзгерту керек. Бұл істе жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын тиімді қолданған жөн. Жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы әлемдік экономиканың түбегейлі өзгеруіне әкеп соғады. Сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллект 2030 жылға қарай әлемдік ішкі жалпы өнімге 17 триллион доллардан 26 триллион долларға дейін пайда әкеліп, 78 миллион жұмыс орнын аша алады. Ал Қазақстан жағдайында цифрландыру мен жасанды интеллекттің енгізу ішкі жалпы өнімге 14 миллиард доллардан 20 миллиард долларға дейін кіріс әкелуі мүмкін. Мұндай болжам бар. Оның қаншалықты дұрыс екенін уақыт көрсетеді. Біз тың мүмкіндіктерді барынша пайдалануымыз керек.

Мен биылғы Жолдауымда осы мәселеге айрықша тоқталдым. Ең алдымен, кәсіпкерлерді қолдау үшін ыңғайлы цифрлық экосүйе қалыптастыру қажет. Қазір Egov-Business платформасы жұмыс істеп тұр. Соның арқасында мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтер қолжетімді бола түсті. Кәсіпкерлердің жұмысы жеңілдеп, қағазбастылық азайды. Биылдың өзінде осы қосымша арқылы 4,6 миллионнан астам қызмет көрсетілді. Енді платформаны Бизнестің цифрлық картасымен өзара байланыстыру жұмысын аяқтау қажет. Сонымен бірге осы платформаға жергілікті атқарушы органдар көрсететін қызмет түрлерін қосу керек. Бұл шаралар кәсіпкерлердің біртұтас платформа арқылы әртүрлі қызмет алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ платформада жасанды интеллект көмегімен бизнес жүргізуге қатысты толыққанды кеңес алуға болады. Мұндай қадам әкімшілік кедергілерді азайтып, мемлекеттік қолдау шараларының ашық әрі тиімді болуына ықпал етеді.

ҮШІНШІ. Экономиканы сапалы дамыту үшін реформаларды жалғастыру керек. Ең алдымен, экономиканың тиімділігі мен әлеуетін арттыру – басты мақсат. Квзимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий жарияланды. Бәсеке-келестік ортаға берілетін 473 нысанның тізімі жасалды. Сарапшылардың есебі бойынша, бұл кәсіпкерлерге шамамен 3,5 триллион теңге пайда табуға мүмкіндік береді. Алдымызда бизнес бетпе-бет келетін әкімшілік кедергілерді азайту міндеті тұр. Бұған дейін заңнаманы түгел



тексеріп, оны жетілдіру жөнінде тапсырма берген болатынымын. Ол үшін Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жанынан Интеллект арқылы реттеу орталығы құрылды, Міндетті талаптар тізімі енгізіледі. Сондықтан Үкімет пен бизнес-қоғамдастықтың үйлесімді әрекет етуін, әсіресе, цифрлық ықпалдастықты күшейту керек. Кәсіпкерлер бюрократияның азайғанын сезінуге тиіс, яғни бұл өткеннің еншісінде қалуы керек. Үкімет пен қадағалаушы органдарға осындай міндет жүктеймін. Бағаның еркін нарық талаптарына сай қалыптасуы, мемлекет иелігінен жаппай шығару және икемді реттеу саясаты – экономиканың табысты трансформациясының кепілі.

ТӨРІНШІ. Бизнестің мүддесі мен құқығын қорғау мәселесі – біздің алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Соңғы жылдары құқық және сот жүйесін жаңғырту үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Әкімшілік әділет институты пайда болды. Бұл бастамалар қазірдің өзінде жақсы нәтиже бере бастады. Сотта қаралған істердің жартысынан көбі азаматтар мен бизнестің пайдасына шешілуде. Бизнесті негізгі тексерулер мен заңсыз қылмыстық қудалаудың алдын алу бойынша белсенді жұмыс атқарылып жатыр. Экономикалық қылмыстарды декриминализациялау жүргізілді.

Мұның бәрі «Заң мен тәртіп» қағидатының орныға түсуіне ықпал етеді. Бас Прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитеті жыл соңына дейін Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет болып өзгереді. Ірі инвесторларға арналған «Жасыл дәліз» жүйесі іске қосылды. Енді оларға рұқсатнама құжаттары тез берілетін болды.

Мен Жолдауда жаңа инвестициялық кезеңді бастау қажеттігін айттым. Қазір әлемде нарық және капитал үшін талас-тартыс күшейіп барады. БҰҰ Сауда және даму жөніндегі конференциясының (ЮНКТАД) мәліметіне сәйкес, дүние жүзі бойынша тікелей шетелдік инвестицияның нөпірі айтарлықтай бәсеңдеген. 2024 жылы әлемде нақты секторға бағытталған инвестиция көлемі 11 пайызға, яғни 1,5 триллион долларға дейін қысқарған. Басқаша айтқанда, жаһандық инвестиция биыл екінші жыл қатарынан құлдырап барады. Мұның негізгі себебі – үдей түскен геосаяси шиеленіс пен халықаралық жеткізу тізбегінің үзілуі. Сондықтан біз еліміздегі іскерлік ортаны жақсартуымыз керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды айрықша мақсат.

БЕСІНШІ. Бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру маңызды. Экспорт нарығында бәсекеге түсе алатын, отандық шикізатты пайдаланатын, сондай-ақ озық технологиялар мен инновациялар трансферімен айналысатын кәсіпорындарға басымдық берілуге тиіс. Биыл «Бәйтерек» холдингі арқылы шағын және орта бизнесті қолдау көлемі шамамен екі триллион теңгеге жетті. Тікелей субсидиялаудан гөрі кепілдік беру құралдарына көштік. Осы мақсатта менің тапсырмаммен «Даму» қоры жанынан шағын және орта бизнеске, сондай-ақ ірі инвестициялық жобаларға арналған екі кепілдік қоры құрылды. Аталған бағыт аясында 2229 жобаға жалпы сомасы 400 миллиард теңгеден астам кредит берілді. Оның ішінде 220 миллиард теңгеден астамы мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілді. Іскерлік белсенділікті одан әрі ынталандыру үшін шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасын жедел қабылдаған жөн. Құжатта өңірлердің ерекшелігі мен кәсіпкерлерді нақты қолдау тетіктері қарастырылуға тиіс.

Жергілікті өнімге, білім мен заманауи технологияға басымдық беру айтарлықтай нәтиже әкелетінін тәжірибе көрсетті. Мысал ретінде Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA) және «Атамекен» ұлттық палатасының қолдауымен жүзеге асқан «Бір ауыл – бір өнім» жобасын келтіруге болады. Ауыл-аймақтардан осындай ақылға қонымды өтініштер мен ұсыныстар жиі түседі. Мәселен, қой мен ірі қара терісін өңдейтін кәсіпорын ашу туралы бастаманы айтуға болады. Неге екенін қайдам, қанша жыл өтсе де осы шаруаны Үкімет те, бизнес те қолға алмаған. Өйтсе де шағын және бизнес бұл кәсіппен айналысуға ниетті. Үкімет ортақ жауапкершілік қағидатына сай мемлекет пен бизнестің тиімді қарым-қатынас жасауына жан-жақты ықпал етуі керек. Бұл ауылдар мен шағын калалардың дамуына тың серпін береді.

Құрметті достар!

Қазір әлемде болып жатқан үдерістерді бәріміз де көріп-біліп отырсыздар. Геоэкономикалық ахуал өте құбылмалы әрі бұлыңғыр. Осындай кезеңде бизнес өкілдерінің жасампаздық, отаншылдық қасиеттері айқын көрінеді. Мұндай уақытта кәсіпкерлеріміздің табанды еңбегі және ел болашағына деген зор сенімі аса маңызды екені анық. Түптеп келгенде, сапалы өнім шығарып, сапалы қызмет көрсету – бәсекеге қабілетті болу және ең бастысы, еліміздің өркендеуіне нақты іспен үлес қосу деген сөз.

Ел Президенті ретінде кәсіпкерлерге, ұлттық буржуазиямызға, соның ішінде, ең алдымен, осы залда отырған бизнес қоғамдастықтың өкілдеріне шынайы құрметпен қараймын. Сіздердің қабілеттеріңізге, іскерлік және адамгершілік қасиеттеріңізге сенемін. Сіздер мемлекетіміздің игілігі, экономикалық әлеуеті үшін табанды еңбек етіп келе жатқан Қазақстанның нағыз патриотысыздар. Сіздер жетістікке жетуден шабыт алатын, өзгелерге үлгі болатын азаматсыздар. Әр қадамдарыңыз сәтті болатынына сенімдімін.

Қандай да бір істе болсын, пессимизмге бой алдыратын, әрекетсіз, құлықсыз, іші тар адамдардың жетістікке жетпейтіні ертерден белгілі. Мұны, әсіресе, әлеуметтік желіде уақытын өткізіп жатқан жастар білуі әрі есте сақтауы керек. Шығыс даналығы ең қиын жағдайдың өзінде үлкен мүмкіндіктер жасырынып жататынын айтқан. Сондықтан еңсені түсіріп, күй-зеліске берілудің қажеті жоқ. Керісінше жетістікке жететін жол іздеу керек.

Елімізде табысты бизнеспен айналысуға қолайлы жағдай жасалған. Мұны барлық шетелдік бақылаушы мен маман мойындап отыр. Креативті индустрия секілді жаңа секторларды дамыту арқылы экономика-ның көкжиегі кеңейеді. Халықаралық қаржы институттарының есебіне сәйкес, аталған сегмент әлем бойынша жыл сайын 2 триллион доллардан аса табыс әкеле алады, сондай-ақ 50 миллионнан астам жұмыс орнын ашуға қауқарлы. Бірқатар дамыған елде, мәселен, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Корея Республикасында креативті индустрия ішкі жалпы өнімнің 2-ден 7 пайызға дейінгі көлемін қалыптастырады. Сарапшылардың бағалауынша, креативті индустрияға салынған әр доллар қосылған құнның 2,5 долларын құрайды. Қазақстанда креативті индустрияны өркендетуге айтарлықтай әлеует бар. Біздің жастарымыз өте шығармашыл, олардың мінезі де, менталитеті де соған сай келеді.

Алайда еліміздің ішкі жалпы өніміндегі бұл сектордың үлесі 1 пайыз ғана. Соңғы жылдары бәсекекелестіктері артықшылықтарымызды толық ашуға, экономикалық өсімнің тың мүмкіндіктерін табуға, инвестиция тартуға және кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруға бағыт алдық. Үкіметтің алдында сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету міндеті тұр. Жолдауда инфляцияның шарықтауына жол беруге болмайтынын айттым. Өйткені инфляция азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған барлық шешім мен әрекетті жокқа шығарады. Бұл орайда өте қатан бюджет тәртібін орнатпаса болмайды. Қаржы тек ішкі жалпы өнімнің өсуіне, Қазақстанның әлемдік аренада лайықты орнын алуына ықпал ететін басым жобалар мен бағдарламаларға ғана жұмсалуға тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнімдерімен, халық күнделікті тұтынатын тауарлармен қамтамасыз ету мәселесі толық шешілмей келеді. Импорт өте көп. Ол көзге анық көрініп тұр. Бірқатар тауарноменклатурасы бойынша сырттан келетін өнімге тым тәуелдіміз. Қазақстанда бұған жол беруге болмайды. Оның үстіне биыл мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына 1 триллион теңге қолдау жасалды. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал еліміз шығаратын өнім көлемі 2024 жылдың қорытындысы бойынша 8,5 триллион теңгеге бағаланды.

Қазақта «Жақсылық жүрген жерде тапшылық болмайды» деген сөз бар. Биылғы «Парыз» байқауына қатысушылар түрлі қайырымдылық шараларға 37 миллиард теңгеден астам қаржы салған. Бұл отандық бизнестің қоғам игілігі үшін аянбай адал қызмет етуге дайын екендігін көрсетеді. Осындай отырған әр азаматтың туған елге деген ықылас-пейілі жас кәсіпкерлерге үлгі-өнеге болары сөзсіз. Сіздерге тағы да шынайы ризашылығымды білдіремін! Кәсіптеріңіз алға баса берсін!

Баршанызға амандық, табыс тілеймін!

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТІП – ӨҢІР ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік аудиттің мақсаты – бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру.

Қаржылық бақылауды осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде бюджетке өтеуді, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету және (немесе) азайту, нұсқамаларды орындау және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту жолымен қалпына келтіруді қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүзеге асырады.

Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен Сыр өңірінде облыс басшысының ұйымдастырумен кейінгі жылдары байыпты бастамалар қолға алынып, жаңа жобалар сәтті жүзеге асуда. Облысымыздың бюджеті 851 млрд 300 млн теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, жаңа инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда. 2021 жылы өнімімізге 308 млрд теңге инвестиция тартылса, биыл 720 млрд теңгеге жету болжамы бар.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Президенті, Үкімет, Жоғары аудиторлық палата және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Мемлекеттік аудит органдары жүйелерінің бірі – тексеру комиссиясы.

Мемлекеттен бөлінетін қаражатты тиімді пайдалану, оның атқарылуын бақылау және нақты нәтижеге қол жеткізу бағытында 2011 жылы 2 мамырдағы Президент Жарлығына сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде тексеру комиссиялары құрылды.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының штат саны 33 қызметкер болып бекітілген. Бүгінде олардың 23-іне «Мемлекеттік аудитор» біліктілігі, 15-іне «Жоғары санатты мемлекеттік аудитор» мәртебесі берілген. Сонымен қатар, 18 қызметкер халықаралық CIPFA Public Auditor біліктілігінің иегерлері.

Жалпы мемлекеттік аудит мынадай типтерге бөлінеді: қаржылық есептілік аудиті – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығын, негізділігін бағалау; тиімділік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік нысанына бағалау және талдау; сәйкестік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін сақтауын бағалау, тексеру.

Тексеру комиссиясы өз құзыреті шегінде жүктелген функцияларды орындау мақсатында өз қызметін екі бағыт бойынша жүзеге асырады, олар: мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдамалық іс-шаралар. Тексеру комиссиясы 2025 жылдың жоспары бойынша 22 аудиторлық және 4 сараптамалық талдау іс-шаралар жүргізу жоспарланған.

Бүгінгі күнге Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы 19 аудиторлық және 3 сараптамалық талдау іс-шарасын жүргізіп, онда мемлекеттік аудитпен жалпы қамтылған қаражат көлемі 139,1 млрд теңге болатын 130 аудит объектілері қамтылды. Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижесінде қолданыстағы заңнама нормалары сақталмауынан анықталған қаржылық бұзушылықтар 5,2 млрд теңге болды. Бұл бюджетке өтелуге немесе қалпына келтіруге тиіс бұзушылықтар және 1083 бірлік рәсімдік сипатқа ие. Тімісіз пайдаланылған бюджет қаражаты мен мемлекет активтері – 41,2 млрд теңгені, тиімсіз жоспарлау – 21,8 млрд теңгені құраған.

Қаржылық бұзушылықтардың негізгі бөлігі еңбек заңнамасын сақтамау, еңбекақыны есептеудегі қателіктер, іссапар шығындарының артық төленуі, сондай-ақ жарамсыз (жалған) диплом бойынша еңбекақы алулан, негізгі құралдарды дұрыс рәсімдемеу сияқты мәселелерден туындаған.

Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының негізгі бөлігі әлеуметтік сақтандыру жарналары мен салықтардың уақытылы төленбеуі салдарынан өсімпұл және айыппұлдарды бюджет қаржысы есебінен төленуі, сатып алынған мүліктер пайдаланылмай қоймада тиімсіз сақталу жағдайынан қалыптасқан.

Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаттары бойынша кемшіліктер бюджеттік өтінімді әзірлеу кезінде ағымдағы жағдайға талдау жасалмауы нәтижесі, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмей бөлінген қаражаттың игерілмей есеп шотта қалуынан қалыптасқан. Жалпы анықталған бұзушылықтарды талдау барысында, оған жол берілуінің негізгі себептері әлі де болса қаржылық тәртіп деңгейінің жеткіліксіздігі, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында тиісті өзара іс-қимылдың, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне бақылаудың өз деңгейінде жүргізілуімен орын алғандығын көрсетеді.

Оған дәлел ретінде, кемшіліктерге жол бергені үшін 783 тұлға, соның ішінде, қылмыстық жауаптылыққа – 2 тұлға, тәртіптік жауапкершілікке – 124 тұлға, әкімшілік жауапкершілікке – 657 тұлға тартылса, оның 585-іне «ескерту» түріндегі әкімшілік жауапкершілік қолданылып, 72 тұлғаға 24,6 млн теңге әкімшілік айыппұл салынған.

Қазіргі таңда 2026 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі қалыптасуда. Онда денсаулық сақтау, білім, спорт, әлеуметтік сала шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті және 4-деңгейлі бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар қамтылатын болады.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы облыстың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету, бюджет қаражаты мен активтердің тиімді пайдалануын бақылау бағытында жұмысын жүйелі түрде жалғастыра береді. Қаржылық тәртіпті күшейту – өңір дамуының басты кепілі.

Мұса ҚАЛДАРБЕКОВ,
Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы

ШАҒЫН ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТЫҢ ҮЛКЕН МҮМКІНДІГІ

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев, ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, ҚР Су ресурстары және ирригация вице-министрі Талғат Момышев, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов, ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков Сыр еліне жұмыс сапары аясында жақында іске қосылған «Тұмар» шағын өнеркәсіптік аймағының жұмысымен танысты.

Үкіметтің шағын және орта биз- несті қолдау мақсатында жүзеге асырып жатқан бастамаларының бірі – шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру. Бұл ретте «Тұмар» жеке кәсіп- керлігінің бастамасымен Сырдария- ның жол жағалауында салынған тамақ өнеркәсібі бағытындағы аймақ қазан айында ашылып, кәсіпкерлер игілігіне берілді.



Жоба құны – 526 млн теңге. Мұнда азық-түлік өнімдерін өндіруге ба- ғытталған 8 өндірістік цех іске қосылып, 50-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Кәсіпкерлер өз жұмысын бастау үшін «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығынан жылдық 3 пайыздық мөлшерлеменен 157 млн теңге жеңілдетілген несие алды.

Айтакетейік, аймақта экономиканы әртараптандыру мақсатында 2,8 трлн теңгеге 98 жоба жүзеге асырылып, 12 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Биыл инвестициялық жобалар пулы аясында 54 жоба жоспарланған. Қазіргі уақытта 36-сы жұмысын бастап кетті. Олардың қатарында кірпіш, айна, күріш зауыттары, нан-тоқаш, кондитерлік, печенье және макарон өнімдерін өндіру кешені, онкология- лық диагностикалық орталық, шағын өнеркәсіптік аймақ, «Сығ дауа» коммуналдық базары және сауда үйлері бар.

Жыл соңына дейін қуаттылығы 240 мегаватт болатын заманауи жылу- электр станциясы, жолаушылар ва- гондарын жөндеу кешені, түйе сүтінен жылына 392 тонна құрғақ ұнтақ өндіретін зауыт, тағы бір шағын өнеркәсіптік аймақ және 2 күн-электр станциясы іске қосылады.

Өндеу өнеркәсібін дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында құны 553 млрд 600 млн теңге болатын 14 жобаның құрылысы басталуда.

ОБЛЫСТЫҚ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы облыстық комиссия отырысы өтті.

Онда білім басқармасы басшысының орын- басары кәмелетке толмағандар арасында экстремизм мен терроризмнің алдын алуға арналған жол картасының орындалуы туралы баяндалды.

Облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев өзі басқаратын салада экстремизм мен терроризмнің алдын алудың жол картасына сәйкес атқарылған жұмыстар туралы хабарлама жасады.

Облыстық дін істері басқармасының басшысы Мира Қазбекова, облыстық қыл- мыстық атқару жүйесі департаментінің бас- қарма бастығы Бахыт Наурызбаев дини экстремизм мен терроризм профилактикасы- ның тиімділігін арттыру шараларын атап өтті.

Данияр Еренғалиұлы жауапты тұлғаларға нақты тапсырма беріп, бірқатар міндет жүктеді.

БАҒДАРЛАМА БЕРЕКЕСІ

Бюджет қаражатына, сонымен қатар кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен орталық алаңдар, демалыс, ойын және спорт алаңдары жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар жөнделуде. Демеушілікпен Қызылорда қаласының орталық алаңы жанартылып, пайдалануға берілді. Қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата мемориалды аллеясы қайта жаңғыртылды.

Қазіргі уақытта Президент саябағы жөндеуден өтуде. Жоба аясында спорт және ойын алаңдары, санитарлық модульдер, экокостар мен фандоматтар орнатылатын болады.

Саябақ аумағында жылдың 4 мезгілінде үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен ботаникалық білім беру орталығы салынуда. Одан бөлек, құны 9 млрд теңгеге Сырдария өзені үстінен Президент саябағын қаламен байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі салынуда.

Бұл жұмыстар барлық ауданда жалғасын тауып, жаңа демалыс орындары, аллеялар салынып, көшелерді абаттандыру, жарық- тандыру жұмыстары жүргізілуде.

Өңірде бірыңғай дизайн-код енгізіліп, барлық елді мекендегі ғимараттар мен қоғамдық кеністіктер архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді. Қызылордада 60 көпқабатты үйдің қасбеті жаңартылып, 20 үйдің ауласы абаттандырылды. Биыл тағы 20 үйді жаңартуға 1 млрд теңге бөлінді.

Ауылдық аймақтарда қолайлы орта қалыптастыру, тұрғындарды газалық шараларына ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Бұл маңызды жобаға кейінгі екі жылда 1 млрд 500 млн теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге 48 арнайы техника табысталды. Биыл 564 млн теңгеге 19 техника берілді.

1-бет

«ҚАМҚОРЛЫҚ» ЕРТЕ АРАЛАСУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Бейсенбіде Қызылорда облыстық көпбейінді балалар ауруханасының базасында «Қамқорлық» ерте араласу орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, «Қазақстан халқына» ҚҚ донорларымен стратегиялық жоспарлау және өзара іс-қимыл бөлімінің басшысы Шыңғыс Шарапиев, «Қамқорлық» корпоративтік қорының директоры Арайлым Еркінова қатысты.

Бұл орталықтың жұмысы туғаннан үш жасқа дейінгі, соның ішінде неврологиялық және ортопедиялық бұзылу қаупі бар сәбилерге, шала туған балаларға бағытталған үздіксіз сүйемелдеу жүйесін қалыптастырады. Туғаннан үш жасқа дейінгі балалар ерте араласу орталығында көмек алса, 18 жасқа дейінгі балаларға Қызылорда қаласындағы және Жанақорған, Арал аудандарындағы «Қамқорлық» оңал- ту орталықтары қызмет көрсетеді.

Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет сөз сөйлеп, жиылғандарды балалар денсаулығына қызмет ететін жаңа орталықтың ашылуымен құттықтап, жұмысына сәттілік тіледі.

Айта кету керек, жаңа нысан «Самұрық-Қазына» және «Қазақстан халқына» қорларының қолдауымен әлемдік өндірушілердің заманауи оңалту құралдарымен жабдықталған. Мамандар вертикализатор, «Rifon» тренажерлері мен модульдерін, рет- теуші комплектерін, «Атлант» костюмдерін, сенсорлық және

шунгиттік бөлмелерді, тұзды шахта, иммерсионды ванна, сондай-ақ ЭЭГ, диагностикалық жүйелерді пайда- ланады. Мұндай жабдық ерте оңалту бағдарламаларын сапалы жүргізуге және мүгедектік қаупін азайтуға мүмкіндік береді.



– Қызылордада ашылып отырған ерте араласу орталығы – «Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен іске қосылған 47-ші оңалту орталығы. Бұл орталықтарда жылына 30 мыңға жуық балалар мен ересектер кешенді оңалту көмегін алады. Оналтумен бірге, инклюзивті білім беру, әлеуметтендіру бағытында кор еліміз бойынша 26 инклюзия кабинетін ашты. Жыл соңына дейін тағы бес инклюзия кабинеті Атырау облы- сының Жылыой ауданында ашылады, – деді «Самұрық-Қазына» АҚ бас- қарушы директоры Ғибрат Ауғанов.

Орталық жұмысы мультидисци- плинарлық принципке негізделген. Балалармен және олардың отбасы- ларымен невропатолог, реабилито- лог, неонатолог, жаттығу терапиясы- ның нұсқаушысы, логопед, дефектолог және психолог жұмыс іс- теиді. Барлық мамандар «Қамқор- лық» қорының қолдауымен Астана қаласындағы Ұлттық балаларды оңалту орталығында дайындықтан өтті. Бұл көрсетілегін көмектің жоғары кәсіби деңгейін қамтамасыз етеді.

Орталықта емделу үшін ата- аналар тұрғылықты жері бойынша емхана дәрігеріне барып, консуль- тацияға жолдама алуы қажет.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбеттің қатысуымен өткен жиында әріптестері Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры қызметін атқарған Бейбіткүл Кәрімованы жаңа қызметке шығарып салды. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының ректорлары мен ғалым-профессорлары қатысты.



Мейрамбек Зинабдинұлы Бей- біткүл Сәрсемханқызының адал қыз- меті мен көпжылдық еңбек тәжірибесін атап өтіп, алғыс білдірді.

– Бейбіткүл Сәрсемханқызы өңі- рімізде еңбек еткен алты жылдай уақытта университеттің студенттер контингенті 2,2 есе, мемлекеттік тап- сырыс негізінде оқытандар саны 4,8 есе, ғылыми-зерттеу жұмысынан түс- кен табыс 9,3 есе, қаржылық кірістер 3,4 есе, оқытушылар құрамының еңбекақысы 3 есе өсті.

Оқу орнының ғылыми-кадрлық әлеуеті нығайып, сыртқы академиялық ұтқырлық пен шетелдік студенттердің саны артты. Жаңа оқу кабинеттері, дәрісханалар мен ғылыми зертханалар пайдалануға берілді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасына сәйкес Оңтүстік Кореяның СеулТех ұлттық университетімен бірлесіп Қорқыт ата университетінің базасында Жасанды интеллект және информатика ин- ституты ашылды. Жетекші шетелдік

жоғары оқу орындарымен бірлескен қос дипломды бағдарламалар іске қосылды. Қызылорда қалалық мәсли- хатының депутаты ретінде тұрғын- дардың өмір сүру сапасын жақсарту ісіне де зор үлес қосты. Бұл жұмыс- тарды өңір халқы жақсы біледі, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Басқосуда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, ел ағасы Сәпен Аңсатов, Қорқыт ата атындағы университеттің профессоры Серікбай Қошқаров ізгі тілегін жеткізді.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы еңбегі үшін Бей- біткүл Сәрсемханқызына Сыр жұрт- шылығы атынан Қызылорда облы- сының Құрмет грамотасы табысталды.

Өз кезегінде Бейбіткүл Кәрімова көрсетілген құрмет үшін әріптестеріне ризашылығын білдірді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

СУ РЕСУРСТАРЫ: БОЛЖАМ ЖӘНЕ ЕНДІГІ МІНДЕТ

Сондай-ақ өңірде су үнемдеу технологияларын қолданатын егістік көлемі артып келеді. Егін алқап- тарында судың ысырап болуының алдын алу үшін лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл әдіс суды 20%-ға дейін үнемдеп, өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Биыл 60 мың гектар күріш алқабы тегістелді.

Заманауи су үнемдеу техно- логияларын енгізу тәуекелдерді азай- тып, АӨК-тің орнықты дамуын қам- тамасыз етеді. Бүгінде бұл технологиялар республика бойынша 500 мың гектардан астам жерде қол- данылуда, ал 2030 жылға қарай көр- сеткішті 1,3 млн гектарға дейін (суармалы жерлердің шамамен 70%- ы) жеткізу жоспарда бар. Аталған мақсаттарға жету үшін Үкімет кешенді шаралар қабылдауда, соның ішінде субсидиялау мәселелері де шешілуде.

2026-2028 жылдарға арналған рес- публикалық бюджеттің шеңберінде инвестициялық шығындарды өтеуге бағытталған жалпы трансферттер көзделген, ал қаржыландыру көлемі 215 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

– Алдағы вегетациялық маусымда жоғарыдан келетін су көлемі айтарлықтай азаюы мүмкін. Ондай жағдайда су үнемдейтін технологиялар тыңайтқыштар мен өсімдікті қорғау құралдарымен қатар өсімдік шаруа- шылығы жүйесінің міндетті элементі болуы тиіс. Қызылорда облысының әкімдігі Су ресурстары және ирригация министрлігі, Ауыл шаруашылығы ми- нистрлігі және ғылыми ұйымдармен бірлесіп, инновациялық препа- раттарды қолдану үшін кемінде 100 гектар жер телімін анықтап, оларды жергілікті бюджет қаражаты есебінен

қаржылық қолдауды қамтамасыз етуі қажет, – деді Қанат Бозымбаев.

Кездесуде фермерлерге суды пайдалану ашықтығын қамтамасыз ету және су ресурстарын есепке алуды одан әрі цифрландыру үшін енгізіліп жатқан биллинг жүйесі туралы да айтылды. Бұл – фермерлерді сумен қамтудың толық циклін біріктіретін бірыңғай цифрлық платформа. Оның ішінде өтімін беру және келісімшарт жасасудан бастап, нақты тұтынулды есепке алу және төлем жасауға дейінгі функциялардың барлығы бар. Жүйе процестерді оңтайландырады, суды бөлу мен есеп айырысудың ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ нақты көлемдерді дәл есепке алуға мүмкіндік береді.

Вегетациялық кезең басталғанға дейін Қызылорда облысының әкім- дігіне диқандар арасында тиісті тү- сіндіру жұмыстарын жүргізу тап- сырылды. «Қазсушар» РМК-ға ылғалды көп қажет ететін дақылдарға бекітілген лимиттерге қатаң сәйкес келетін су беру шарттарын жасау, сондай-ақ құдық қорғау органдарымен бірлесіп, алдағы вегетациялық кезеңде «қара су нарығымен» күресті күшейту тапсырылды.

Су шаруашылығындағы ахуал өзгерген жағдайда Су ресурстары және ирригация министрлігіне 2026 жылғы вегетациялық кезеңге арналған өңірлер бойынша су тұтыну лимиттерін 2026 жылдың 1 ақпанына дейін Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолдау жүктелді. Ал Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2026 жылдың 1 наурызына дейін ылғалды көп қажет ететін дақылдардың егістік құрылымын нақты қолжетімді суару көлеміне сәйкес түзету тапсырылды.

«СБ» ақпарат

ЕКІ ЕЛДІ МЕКЕНГЕ ГАЗ ҚОСЫЛДЫ

Кеше облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешевтің қатысуымен Шиелі ауданындағы №21 бекет және Жансейіт елді мекендеріне газ қосу рәсімі өтті. Оған жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Мәслихат төрағасы тұрғындарды көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады. – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ауылдарды дамытудың маңызын атап өтіп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға қатысты бірқатар тапсырма берді.

Бүгінде облыс тұрғындарының жартысынан астамы ауылдарда тұрады. Кейінгі жылдары облыс орталығымен қатар, ауылдарға да сапалы инфрақұрылым жеткізу ісі қарқын алды. Өңірі- міздің негізгі макроэкономикалық көрсет-

кіштерінің өсімі қамтамасыз етілді. Биыл аймаққа 720 млрд теңгеден астам инвестиция тартылса, алдағы жылдары 2 трлн теңгеден астам қаржыға 90 инвестициялық жоба жүзеге асырылады.

Бүгін мемлекеттің қолдауымен «көгілдір отынға» қол жеткізген ауылдары әр үй қуаныш пен жылуға кенелуде. Баршаныңдың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! – деді Мұрат Жолкелдіұлы.

Рәсімде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан алдыңғы буын ағалар мен



мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Еңбек ардагері Насырбек Мырзабеков құттықтау сөз сөйледі.

Сонғы жылдары Шиелі ауданындағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуда ауқымды жұмыс атқарылды. Кентте 30 төсектік жұқпалы аурулар бөлімінің жаңа ғимараты, аудандық аурухана жанынан қосымша ғимарат, «Руханият орталығы», «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» пайдалануға берілді. Бестам ауылдық округінде 150 орындық ауылдық клуб, аудан орталығында денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құры- лысы аяқталып, ел игілігіне айналды.

Заманауи талаптарға сай жабдықталған бұл нысандар тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде.

Сыр бойы – ұлттың рухани өрісін тереңнен сұғарған, талай әулие-ғалым мен данышпанның ізі қалған киелі топырақ. Осындай тектіліктің қалың ортасынан шыққан дара тұлғалардың бірі – елге белгілі шипагер, ғұлама ахун, діни-ағартушы Садық ахун. Оның өмір жолы – қазақ халқының дәстүрлі шипагерлік дүниетанымы мен ислам өркениетінің рухани-ғылыми мектебін ұштастырған зерделі ғұмыр. Оның шығармашылық мұрасы – Сыр еліндегі білім мен мәдениеттің дамуына айрықша үлес қосқан сарқылмас қазына.

Садық ахунның шипагерлік тәжірибесі, діни ілімі, халық арасындағы ұстаздық-уағыздық қызметі және артында қалдырған қолжазбалары – қазақ руханиятының құнды қабаттарының бірі. Оның қаламынан туған еңбектер ел ішіндегі дәстүрлі шипагерлік, рухани-этика-лық тағылымдар, адам тәрбиесі мен имани кемелдену мәселелерін қамтып, қазақ халқының өзіндік мәдени тәжірибесі мен дүниетанымын тереңнен танытады.



Сурет ашық деректерден

САДЫҚ АХУННЫҢ шипагерлік әлемі

Бүгінгі күні ахун мұрасын зерделеу – тек тарихи-ғылыми міндет қана емес, сондай-ақ ұлттық таным мен рухани сабақтастықты жаңғыртудың ерекше мүмкіндігі.

Осы мақсатта, 2 желтоқсан күні ҚР Ұлттық кітапханасында Садық ахунның өмірі мен шығармашылық мұрасына арналған еске алу және мерейтойлық ғылыми-танымдық кеш өтті. Бұл шара – ахун мұрасының ғылыми айналымға түсуі мен жұртшылыққа кеңінен таныстырылуы жолындағы маңызды қадам. Кеш аясында Садық ахунның оннан астам сирек кітабы мен бірқатар құнды қолжазбалары ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына ресми түрде тапсырылып, ұлттық мұраның мемлекеттік деңгейде сақталуына мүмкіндік жасалды.

Ахунның рухани және ғылыми мұрасын жана бұныға танытуға бағытталған бұл игілікті іс – Сыр елі тудырған абзал тұлғаның есімін мәңгі жаңғыртып, оның еңбегін ел қазынасына айналдырады.

Сыр елінде есімдері қазақтың кең даласына тегіс жайылған ғұламалар ахун-ишан, мақсұмдар туралы ел әңгімелерінде, деректер мен құжаттарда көптеп кездеседі. Арада 2-3 ғасыр өтсе де, бүгінгі ұрпаққа жетіп, қайта жаңғырып келеді. Ірі діни оқу орындары саналған «Мір Араб» пен «Көкілташ» медреселерінде білім алған сауаулылардың бірі Садық Қодарұлы болған. Дін мен дүлд, руханияты қатар ұстаған Садық ахунның шапағаты тимеген адам кемде-кем болар.

Иран мен Францияға барудан бас тартқан ахун

Садық ахун Қодарұлы – Сыр бойынан шыққан ірі діндар, ғұлама шипагер әрі елге қызмет еткен дегдар тұлға. Ол бұрынғы Түркістан өлкесі, Сырдария облысына қарасты Ақмешіт уезі аумағында, қазіргі Сырдария (Теренөзек) ауданындағы Ақжарма ауылында 1860 жылы «Алтыбас Алаша» атанған Қодар батырдың шаңырағында дүниеге келіп, өмірінің соңына дейін туған жерінен алыстамай, 1937 жылы осы ауылда мәңгілік тыныс тапқан.

Балалық шағынан зеректігімен көзге түскен Садықтың әкесі Қодар баба мен анасы, Жалайыр Құлман бидің қызы Анатай ерекше үмітпен өсірген. Үмітті ақтау үшін оны 14-15 жасында өңірдің белгілі дін қайраткерлерінің бірі – кожа Тапал ахунға шәкірт етіп

береді. Садықтың алғырлығын байқаған ұстаздары оны кейін Сыр бойындағы діни білімнің іргелі орталығы саналатын Қармақшыдағы Ораз ахун Бекетайұлына табыстайды. 16 жасынан бастап осы ортада білім алған Садық қабілетімен ұстаздарын да, қатарластарын да тәңті етеді.

Бір жолы Ораз ахунның үйіне Кете-Шөмекей елінің төбе биі атанған әйгілі Қалдан Талқанбайұлы (1819-1912) қонаққа келіп, елге имам қажет екенін, Аққыр маңында жана мешіт салдырып жатқанын айтады. Ораз ахун Садық есімді шәкіртінің зеректігін айтып, биге таныстырады. Жас жігіттің ілім-парасатына риза болған Қалдан батыр оны ауылына имам етіп алып кетеді. Көп ұзамай Садыққа биге немере ағасы Қарабастың қызы Тұрғынды қосып, отау етіп шығарады. Садық Қодарұлы бұл мешітте 1884 жылдарға дейін имамдық қызмет атқарды, талай шәкірт тәрбиеледі.

Одан кейін ол «Көкілташ» («Көкалташ») медресесіне түсіп, төрт жыл оқып, «ахун» дәрежесін алып шығады. Медреседе алған білімі жайлы күзлік – шатырхат та өзімен бірге елге оралады. Садық ахун діни біліммен шектелмей, медресе жанындағы Иранның дәрігерлік мектебінде оқып, Ибн Синаның медициналық ілімдерін меңгерген. Ұстаздары оның болашағынан зор үміт күтіп «Иран мен Францияға барып оқуыңды жалғастыр» деп кеңес бергенімен, Садық өзін ел күтетінін, Сыр бойындағы жұртқа қызмет ету парыз екенін сезініп, туған жеріне оралады. Қасындағы үлкен білім иесі Дәулетназарды да ертіп келіп, халыққа таныстырады.

1898 жылдан бастап Садық ахун Қармақшы өңірінде мешіт ұстап, имамдық қызметпен қатар емшілікке де ден қояды. Халық арасында оның аты «Садық ахун», «Садық емші» ретінде кеңінен танылып, шипасы дарып, дауы жеті аймаққа тарайды. 1900 жылдары Төре әулеті мен Он екі Ата Байұлының шақыруымен Қармақшы ауданына қарасты Іірқол маңына көшіп барып, елдің көмегімен жаңа мешіт салады. Бұл мешіт кейіннен халық арасында «Садық ахун мешіті» деп аталған, бүгінге дейін оның орны сақталған. Мұнда да ол әрі ұстаздық, әрі емшілік қызметті қатар атқарды.

1930 жылдардағы елді жаппай ұжымдастыруға қарсы Ақмырза ишан бастаған қозғалыс кезінде Садық ахун да тілектес болып, хат арқылы байланысып тұрған. Осы себеппен жергілікті белсенділердің көрсетуімен 1930-1933 жылдары Қармақшы, Қазалы және Алматы қала-

сының түрмелерінде қамауда болады. Түрмеде жатқанда, ауызша деректерге қарағанда, республиканың бас прокуроры С.Ескараев жасырын түрде одан ем қабылдап, сауығып шыққан соң, Садық ахунның кеңес билігіне қарсы еместігін дәлелдеп, оның босатылуына ықпал еткен.

Алайда Қармақшыдағы кейбір дәрігерлер Садық ахунның емшілігін қызғанышпен қабылдап, оған қырын қарайды. Осы жағдайларды білген Ақжармадағы ағайындары ахунды туған ауылына көшіріп алады.

Сәтбаевты да емдеп жазған

Садық Қодарұлының шипагерлігі жайлы ел ішінде сан алуан деректер сақталған. Ол белгілі ғалым, академик Қаныш Сәтбаевты да емдеген. Ат арбасымен Қ.Сәтбаевты бірнеше рет апарып жүрген Бөкір Балғабастың айтуынша, Садық ахунды Жосалы зауытының директоры Сорокиннің тапсырмасымен де шақыртқан көрінеді. Бұл оқиғалар 1927-1929 жылдары орын алған. Сондай-ақ ол ел басқарған азаматтардың бірі, КСРО-ның үш дүркін депутаты Қашақбай Пірмовті, Теренөзек аудандық партия комитетінің хатшысы болған Көлбай Қалыбаевты, 1928 жылы дипломат Маңдай Тілеулиевті де емдеп жазған.

Ахунның балаларынан жеткен деректерге қарағанда, Садық Қодарұлы алдына келген науқастың тамырын ұстап-ақ оның дертін дәл анықтайтын болған. Кейде биоток арқылы емдеп, қарпу, қан алу сияқты тәсілдерді қолданған. Ол пайдаланған шөп дәрілерінің ішінде «пұл-пұл терази», «жән-жебіл», «иір», көкнәр суы, жалбыз майы, «талшыны», «мушкаты» және түрлі тамыр дәрілері болған. Ал қарақұрт, жылан шағу, талма, қояншық секілді ауруларды дем салу арқылы жазып отырған.

Осындай білім мен емшілік өнерді қатар ұстанған Садық ахун Қодарұлы – Сыр бойының ғана емес, күллі қазақ даласының рухани тарихында терең із қалдырған дара тұлғалардың бірі. Сыр өңіріне кеңінен танылған шипагер, діндар ұстаз, ел-жұртына адал қызмет еткен парасаты тұлға. Ол әсіресе жаз айларында түрлі сырқаттарға ұшыраған науқастарды өз үйіне көшіріп әкеліп, дертіне дауа іздейтін, ал діни ілім сабақтарымен қатар күніне он беске жуық адамды қабылдап, қарап шығатын болған. Қыс түскенде ем-домын мешіт жанынан арнайы тұрғызылған бөлмеде жалғастырып,

халыққа «тазалық – денсаулықтың кепілі» екенін үнемі ескертіп отырған. Оның айтуынша, жұқпалы аурулардың көбі ұқыпсыздықтан, тазалыққа мән бермеуден туындайды. Сондықтан қысқы қонысқа ел қоныстанар алдында үй ішін түгелдей сілтімен жуып, ыстатып, екі-үш күнге есігін бекіткізіп қоятын. Белгіленген уақыт өткен соң «таж» деп аталатын ақ топырақпен қайта жудырып, терезе-есігін түгел ашып барып қана ауру қабылдаған.

Садық ахунның үлкен ұлы Әбжан әке қасында жүріп, оның емшілік өнерін, емдеу тәсілдерін терең меңгерген. Кеңес дәуірінің атеистік саясат тұсында, тіпті 1965 жылдардың өзінде Ә.Қодаров «діншіл-молда» ретінде қудаланып, баспасөзде сын мақалалардың нысанына айналғаны да белгілі. Дегенмен Садық ахунның екі ұлы Әбжан мен Тәждин әкесінің көптеген сырқат түрлерін, соның ішінде тері, жүйке, сал және көздің қуаң аталатын ауруларын емдеп жазғанын өз көздерімен көріп, нақты мысалдармен айтып отырған.

Ескі үй астынан табылған екі сандық кітап

1953 жылы Әбжан Қармақшыда үй тұрғызғанда, ағаш тапшылығынан әкесінің ескі үйі бұзылып, сол маңнан талай жылдан бері сақталып келген үлкенді-кішілі кітаптар мен қолжазбалар табылады. Бұл мұраның үстіне 1997 жылыдың ақпанында «Шағала тамы» төңірегінен сексеуіл отынын теріп жүрген адамдар ескі қыстаудың орнынан құрым киізге оралған екі сандық кітапты тауып алады. Сандық сыртындағы латынша «Жадаков» деген жазуды оқыған олар иесін іздестіріп, бұл асыл мұраның Садық ахунға тиесілі екенін анықтайды. Бүгінде оның ұрпақтарының қолында 1894-1902 жылдар аралығында басылған отыздан астам сирек ислами кітаптар мен Садық ахунның өз қолтаңбасы қойылған мұралары сақтаулы. Бұл – ел жадында қалған, рухани байлығымыз үшін баға жетпес қазына.

Садық ахун тек діни оқымысты, шипагер ғана емес, Сыр бойындағы айттыс өнеріне ерекше үлес қосқан жүйрік сөз зергері болған. 1890 жылдары Аспан руының ақын қызы Ырыстының жұмбақ өлеңіне он алты ақын жауап катып, айтысқа түскен, сол қатарда С.Қодаровтың да есімі айрықша аталады. Оның емшілік даңқы белгілі ақын Шорақтың Омарының: «...Келіп кет бізге, Сәке жан барында,

жан жатыр жергілікті аңғарында», – деген өлең жолдарынан-ақ көрініп тұр. Бұл өлеңде ол Садық ахунды арнайы шақырып, оның емшілігіне сенім білдіріп отырған.

1970 жылдардан бастап ғалымдар мен зерттеушілер Садық Қодарұлының өмір жолын, емшілік қызметін іздеп, жазып, жүйелеп зерттей бастады. Респубикалық медициналық музейдің директоры, медицина ғылымдарының кандидаты Болат Әбдікәрімов халық емшілерінің ізмен жүріп, С.Қодаров туралы деректерге бастапқы назар аударғандардың бірі болды. Ол қызметкерлерімен бірге Садық ахунның ортаншы ұлы Тәждинмен кездесіп, қолжазбалары мен бірқатар сирек кітаптарын музей қорына қабылдайды. Осы кезден Садық ахун жайлы жүйелі зерттеулердің жаңа кезеңі басталды. Бұл тақырыпқа қалам тартқан ақын-жазушылардың, журналистердің қатарында Сақтаған Есманов, Қаршыға Бүркітбаев және осы жолдардың авторы да бар.

Бүгінде республикалық «Денсаулық» музейінде, Қызылорда облыстық медициналық музейінде және аудандық музейлерде Садық ахунға арналған жеке бөлімдер жұмыс істейді. 1991 жылы «Қазақстан» телеарнасында «Ақталған ахун» атты деректі фильм көрсетіліп, қайраткер тұлғаның бейнесі халыққа кеңінен танылды. Сонымен қатар ол туралы «Айттыс» жинағында, түрлі энциклопедияларда, сондай-ақ «Келмембет батыр», «Сырдың сырлы сыры» сияқты еңбектерде және облыстық, аудандық баспасөзде мақалалар жарияланған.

Өмірін халықтың игілігіне, денсаулық пен руханият жолына арнаған, қазақтың алғашқы халық дәрігерлерінің бірі Садық Қодарұлы 1937 жылы Ақжармада дүниеден өтіп, сонда жерленді. Артында елге өнеге боларлық мол мұра, өшпес із қалдырды.

Садық ахун Қодарұлы – есімі Өзбекстан мен Қарақалпақстанда, сондай-ақ Қазақстанның Шымкент, Түркістан, Қызылорда аймақтарында ерекше құрметтеліп, халық жадында сақталған тұлға. Оның аты Сыр өңірінің рухани әлемі мен халық емшілігінің тарихына алтын әріппен жазылған.

Ахун мұрасының қайта тірілуі

Алайда, қуғын-сүргін мен саяси аласапыран тұстарында ахунның құнды мұралары түгелдей сақталмай, талай қолжазба мен кітап қолды болып кеткен. Соған қарамастан, ұрпақтарының қолында сақталған отыз шақты көне кітап – өткеннің ізі мен рухани қазынаның нақты куәсі. Бұған қоса, 1997 жылы «Шағала тамы» маңынан табылған, құрым киізге ұқыптып оралған қырыққа жуық кітап – Садық ахун мұрасының жаңа серпінімен қайта тірілген бөлігі. Бұл сандықтағы жәдігерлердің ішінде 1892, 1893, 1894, 1902, 1903 жылдары басылған діни еңбектермен қатар, медициналық кітаптар, сондай-ақ шығыс әдебиетінің інжу-маржаны саналатын «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты қиссалардың ерте шыққан нұсқалары бар. Мұның барлығы ахунның жан-жақты білім иесі, терең руханияттың адамы болғанын дәлелдейді.

Садық ахунның өзінен бастап бүгінгі ұрпақтарына дейін 30-дан астам адам медицина саласында қызмет етіп келеді. Бұл – әулеттің шипагерлік жолды жалғап келе жатқанын көрсететін үлкен тағылым.

Ендеше, ел құрметтеген, халық емшілігінің көрнекті өкілі, ғұлама діндар, руханият шамшырағы Садық Қодарұлының есімі ел жадында мәңгі сақталуы – табиғи заңдылық.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, этнограф, Қазақстан
Жазушылар және Журналистер
одағының мүшесі,
Қанат АЛТЫНБЕК,
жазушы, зерттеуші,
ҚР Ұлттық кітапханасының
ғылыми хатшысы

БІЛІМ – БАҚТЫҢ ҚАЗЫҒЫ

Адам бойында Абай атамыз айтқан ішсем, жесем, ұйықтасам және білсем, көрсем, танысам деген екі мінез бар. Екіншісі ізденіске, шығармашылыққа, білімге, құштарлыққа үйретеді. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап ұстаздарымыз оқу-білімге, адами тәрбиеге баулиды. Парасат, табандылық, алғарлық, сабыр, еңбексүйгіштік, адамгершілік, мейірімділікке үйретеді. Мұғалімдеріміз «кітаппен дос бол» деп, құрбы-құрдастарымыздың, ортамыздың жақсы, еңбексүй, білімге жаны құмар адам болуын тілеп отыратын. Жасамыз жиырма, отыз, мейлі алпысқа келсе де, өмір бойы оқып, үйреніп, жаңалықтардан қалыс қалмауымыз маңызды дейтін. Қазіргі дамыған заманның, ХХІ ғасырдың заманауи, білікті тұлғалары техниканы, тез игеріп, кез келген жаңалықпен жұмыс жасауымыз қажет.

Жаңа білім мен ақпарат кез келген жерде: үйде, жұмыста, аулада, көшеде кездеседі. Үйдегі теледидар, көлікте қосылған радио, телефондағы әлеуметтік желілер, теледидармен қа-

рым-қатынас кезіндегі диалог, кітаптар, газет-журналдар – барлығы да бізге кем дегенде бір жаңалық көрсетеді. Ата-әжелеріміздің де теледидар қарап немесе газет-журнал оқып отырғанын жиі байқаймыз. Көп жасаса да, әлі күнге дейін не оқиды екен деп таңданатын едім, қазір өмір бойы оқумен айналыссақ та, қаншама сыры әлі ашылып болмаған бұл ғаламның деректерін тауысып бітіре алмайтынымызды түсіндім. Ғылым – теңіз, білім – кеме демекші, әр саланы өз қызығы, құпиясы, тереңдігі бар.

Бұрын өмір бойы ізденісте, қоғам мен ғылымдағы жаңалықтар жетегінде жүретін мамандық мұғалімдік деп ойлайтынмын. Бірақ қазір өмім өзгерді. Жетістікке жетіп, сабысты боламын, дүниеге кірпіш секілді қаланып, өмірден өз орнымды табыман деген әрбір тұлға өмір бойы оқу мен оқуды қажет етеді екен.

Жетістік дегеніміз – бір мақсатқа бағытталған рухани және дене қуатының белгілі бір деңгейге, биікке жетуі.

«Тіліңмен жүгірме, біліммен

жүгір» деген мақалдың сөз тәркіні дұрыстығына, өмірдегі қажеттілігіне толықтай келісемін. Қазір адамның интеллекті, мәдениеті, жүріс-тұрысына қарап, қаншалықты білімді, көп білетіні байқалады. Бұл уақыт бос сөзбен қоғамда барлығына жаман жағынан көрінбей, алтыңға татитын салмағы ауыр сөз арқылы көпшілікті өзіне қарата білетін ақылды адамдар заманы болып тұр.

Өмір бойы оқу – жетістікке жетудің жолы. Табысты болуға талпынған әрбір жан Мұхтар Әуезовтің мына сөзін есіне алуы керек деп білемін: «Білім – бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің азығы». Әлем тілдерін біліп, ғаламдағы жаңалықтарды, озық шығармаларды оқып, уақыт – ең қымбат валюта екенін ескере келе, ұтымды жұмыс жүргізу нәтижесінде кез келген адам жетістікке жетіп, оның табындылығы мен сенімділігі де арта түспек.

Бауыржан САҒЫМБАЙ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті



Әлеуметтік желіде Қызылорда қаласындағы сауда орталығының алдында жерге шашылған қоқысты жинап, жәшікке салып жатқан балақайдың бейнежазбасы кеңінен тарайды.

Талай адамға үлгі боларлық әрекетімен көпшілікті сүйсіндірген Әзізхан Серіктің жасы

әлі үшке толмаған. Бейнежазбаны анасы Айзат Жұмағали отбасымен бірге кинодан шыққан кезде түсіріп алған екен.

– Таксиге барар жолда балам жерде жатқан коқысты бірінен кейін бірін көтеріп, жәшікке апарып тастады. Әзізханның тілі кеш шығып келеді. Сондықтан оның әрбір әрекетін, қылығын жиі видеоға түсіріпү әдетке айналдырғанмын. Ал жан-жағын тазалап жүруді әжесінен үйренген. Видеоны туыстар мен достардың WhatsApp тобына ғана салдым. Олар бірінен-біріне таратып, ұлым бір күнде танымал боп шыға келді, – деді ол.

Осыдан кейін «Қызылорда тазалығы» мекемесінің басшылығы бұлдіршінді арнайы марапаттады.

– Осы үлгілі әрекет бізді де бейжай қалдырмады. «Қызылорда тазалығы» ұжымы Әзізханды ата-анасымен бірге мекемемізге арнайы шақырып, алғыс білдірдік. Кішкентай болса да оның саналы қадамы үлкен-кішіге бірдей үлгі. Тазалықтың бастауы жауапкершілікте, ал Әзізхан – осының жарқын дәлелі, – деді кәсіпорын директоры Сапарғали Асылбеков.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



Дос

Астанада тұрамын, ауылды, елді аңсайсың. Бір сәт жадыңнан шықпайды. Мұндайда қазактың белгілі ақыны Ибрагим Исаевтың санаңда жатталып қалған жыр шумақтарын қайта-қайта есіңе аласың.

...Жол жүрөм бүгін,
Тағы да бүгін жол жүрөм.
Ел жаққа барам,
Жүрегім ел деп елжірер.
Ауылдың суы, ауылдың нұы аңсатты,
Күйбең тірліктің, дүрбең шулары шаршатты.
Ауылға барам,
Бәрі де туыс ел жақта,
Аңқылдайды олар,
Қарамайды олар бар-жоққа.
Жол жүрөм бүгін,
Бармасам елге болмайды.
Тынысымды ашам,
Тіреімін елге маңдайды.
Жана қаладағы жана танысыңнан бозбала шақтан жан дүниеге жақын, көнекөз адамдарыңды аңсайсың. Мектеп, студенттік шақ, алғашқы қызметке араласқан күндердегі аға, іні, замандастарыңды сағынасың. Солардың бірі де бірегейі Мырзәбек Бакировпен хабарласасың.

Алғашқы араласуымыз комсомолда жүргенде басталды. Аупарткомның ұсынысымен, обкомның бектүімен екінші хатшылыққа кіріскен кезім күріштің жыын-терін науқанымен тура келді. «Бір дән жерде қалмасың!...» девизімен Қаратөбе ауылынан бастап, Келінтөбе, Түгіскендегі күріштікті аралап, XXIII партия съезі атындағы кеңшардың қырманнаа келдім. Әр кеңшардағы қырманға аудандық партия комитетінің ұйғарымымен бір-бір ардагерді жетекші етіп қоыпшты. Бақылайды, ұйымдастырады. Қырманды ұымтпасам, Ұлы Отан соғысының ардагері Ерғеш Сабырханов басқарады екен.

— Мырзәбек, айналайын! Мына райкомына жұмысты көрсетейік. Дөмге шақырайық!

Ардагер комсомолға үлкен мақсат-үмітпен қарады. Орта бойлы, қараторы жастар ұйымының жетекшісі Бакировпен таныстығым осылай басталды. Содан төмендегі шаруашылықтар Өзгент, Ақжол, 1 Май, Задарияны сатылап, жұмыстарын көргенім бар. Ұйым жетекшілері Бейбіткүл, Ералы, Әбласан, Қасым, Оспан, Сапан, Ғабит, Ұлықбек, Роза, Хазретәлі бөріміз күнді түнге жалғап, бір тыным таппаймыз. Осы ұл-қыздардың ішінен жұмысы белсенді, тындырымды ғана емес, алақаны таза, ашық, пейлі кең Мырзәбек көптің көкейінде қалды.

Ол — бір үйдің он ұл-қызының үлкені. Ата-аналары шаруа баққан қарапайым жандар. Әкесі Әділбек — жастайынан жұмыстан қаймықпаған, қай істі де тындырымды да тиянақты атқаратын еңбек иесі. Маңдай тер еңбегі қой шаруашылығын өркендетуге арналды. Сапа көрсеткіші суырылып көрінуге себепкер болса да, мен деп кеудесін қақпай, қанында бар қарапайым мінезімен қала беретіні анық. Ілгеріде аудандық атқару комитетінің төрағасы Зұлпыхар Мұсаханов малшылардың слетінде: «Ау, Бакиров қаншадан төл алып жүрсің!» деп мінберге шығарғаны бар.

«100 аналық қойдан 128-ден қозы, әр қойдан 1,5 келі жүн алғанымда, райисполком ауыл шаруашылық басқармасына қарап, аудан бойынша жоғары көрсеткіш 105-төлден аспай тұр. Мына шопанды неге байқамағаныңдар» деп ашулы даусын көтерген еді.

Осындай еңбеккердің ұлы Мырзәбек орнықты байсалды, жауапты, көпке жанашыр, досқа адал азамат болып өсті.

Қызылордадағы Жамбыл гидромелиоративтік институтының ауыл шаруашылығы құрылысы мамандығын бітіріп, еңбек жолын партияның XXIII съезі атындағы кеңшар комсомол комитетінің секретары қызметінен бастады. Партияның ізбасары комсомолдың қазанында қайнады. Темірдей тәртіп, мақсатқа жеткізер міндеттілік Мырзәбекті шарболаттай шыңдады. Жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру бағытындағы сан түрлі жұмыстарды ұйымдастырды, ауыл өміріне белсене араласты. Одан соң кеңшарда еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі инженері қызметін атқарды. Жұмысшылардың қауіпсіз еңбек етуі бағытында жауапты міндеттерді орындады. Кеңшардың құрылыс аяундағы аға прорабы қызметінде ауылдағы құрылыс жұмыстарын үйлестіру, жоспарлау және іске асыруда аянбай еңбек етті. Бұдан кейін Қожакент ауылындағы «Жана жол — АЖ» шаруа қожалығында кадр бөлімінің аға инспекторы, «Зәкір ата» шаруа қожалығының төрағасы болып сайланып, шаруашылықтың дамуына, ауыл еңбекшілерінің тұрмыс жағдайын жақсартуға үлкен мән берді. Қожакент ауылдық округіндегі «Қызақент-Б» шаруа қожалығының төрағасы болды.

Олмөхан БОЛАТБЕКОВ,
Астана қаласы

Осы биылғы көктемде, сәуір айында Мырзәбек хабарласты.

— Өмеке, қалайсыз!
— Иә, иә жақсымын, — деймін. Дауысы солғын, бәсеңдеу ме...
— Осы жақында білдік, бойымда бір зиянды дерт бар сияқты, — деп тұр.

Ертесіне Астанадан Қызылордаға келдім. Қожакентке жеттім. Жо-жоқ күн қаққан қараторы жүзі бұрынғы қалпында екен. Ас-су ішіп, дария бойына шығатын қара жолмен екеуара аяндап, өткен-кеткенді әңгімелеп келеміз.

— Сіздердің ауылдарыңыз біздің №27 теміржол бекеті Бөройнақ ауылымен тұспа-тұс. Ілгеріде Есжан қайықшының көмегімен ауыл халқы дариядан өтіп, бекеттегі пойыздармен Түркістан, Қызылорда асып, әжетін шығарып, нәпақасын тауып, мәре-сәре, қатынасып жатады екен. Үлкендер айтып отыратын ауылы аралас, қойы қоралас болған ол да бір қанағат сезімін тудырған заман еді ғой.

Мырзәбек әңгімесін айтады. Тыңдаймын.

— Құдай қаласа, Қарағандыға жүрөм, осы дерттен құлаң-таза сауығатыныма сенемін, — деді.

Ишарасына қуандым. Осы сәтте достары Ерғабит, Нәмәтулла, Әбдразақтар келіп, әңгіме арнасы жастық, студенттік күндердің қызықты сәттерін еске алуға ұласты.

Қатар достарына қарағанда Мырзәбек пен Роза студенттік күндердің алғашқы жылдарында-ақ бас қосты, жер үйден пәтер жалдап тұрып, алып бара жатқан молшылықтың заманы емес. Бәрі жас жұбайлардың пәтерінен шықпайды. Әйтеуір елден де, Розаның ауылынан да дәм келеді. Кең пейілімен келіншегі Роза тоғыз бауырына да, өзінің алты ұл-қызына білім алғызды, азамат атандырды. Құлда-жекежаттарын жанындай жақсы көрді.

Мырзәбек қоныр дауысымен домбыраны сүйемелдеп ән салады. Денешынықтыру, спортпен айналысады. Футбол тамашалағанды жақсы көреді. Соны сезетін немерелері кезекпе-кезек футбол жарысы алдында «...Ата, кофе ішіп аласыз ба, ойынды жақсы көруіңіз үшін» деп бөйек болып, елгезектеніп тұрады. Бұған да шүкір дейтін.

Жана Қызылорданың сол жағалауында заманауи медициналық клиникада емделді. Барлық емін қабылдады, дәрілерін ішті. Розасы жанында. Мен де жиірек қасында болуға тырысамын.

Мырзәбек жанарған-жасанған, әсемдікке бет бұрған қаланың жана келбетін көрген сайын ерекше қуаныш құшағында болады.

— Мына стадионның ауқымы қандай кең, көзін толып, көңілің жайланады, — дейді құрылысшы Мырзәбек.

Әр ем сеансынан соң «ауылды сағындым, ауылға қайтқым келіп тұр» дейтін.

Қазан айында Түркістанда емделді.

Сәйкестікке сенбей көр, барған күніміз комсомолдың туған күні 29 қазан екен. Оны да өзі айтты. Мен қуаныштан қол шапалақтап жіберілдім.

— Мырзәбек, осыдан аяққа мініп кетші. Достарды түгел жинап, жақсы әңгімелерді айтатын боламыз, — деймін. Көзіме жас тығылды. Мұқағали Мақатаевтың аудармасындағы Сергей Есениннің өлеңін оқыдым. Ішім алай-дүлей болып оқығасын ба, дауысым шашыраңқырап шықты.

«... Сау бол досым, сау дегелі, келгенмен,
Қайран көңіл, сені өзіңе тартады.
Уақыт, бізді досым екі айырып бөлгенмен,
Алдымызда бір кездесу бар тағы...»

Түркістанда да «ауылға қайтымын, ауылды сағындым» деп, байсалды, сабырлы мінезіне жат, көнбес, қайтпас, қалып танытыпты. Жұсаны мен жұасының ісі аңқыған ауылын сағынған шығар.

Сездім, таңғы ұшақпен елге келдім. Түске таман ауылына жеттім.

Мырзәбек қолымды қысты. «Ризамын», үні емес-емес естілді. Жанарымнан жас шықты. Осы күні кешке досымның демі үзілді.

Ертеңінде мемлекет және қоғам қайраткері Исатай Әбдікәрімов жерленген «Сәдір ата» қорымына қойылды.

Иә, расында да Ақылдасып кеңесуге, дос керек, Жапырақты жаярында дос керек, Өмірінің баянында дос керек, Бақұлдасып қалу үшін армансыз, Ғұмырының аяғында дос керек, Қанатыңның талғанында дос керек, Қуанатын жүрегімен сен үшін, Жұлдызыңның жанғанында дос керек.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ



Сыр журналистикасы орны толмас қайғыға душар болды. Желтоқсанның 4-і күні облыстық «Сыр бойы» газетінде 40 жылдай еңбек еткен қарымды қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисі, Ақпарат саласының үздігі Жолдасбек Әленұлы Ақсақалов өмірден өтті.

Ж.Ақсақалов 1956 жылы 27 қазанда Сырдария ауданына қарасты Абай ауылында дүниеге келген. 1979-1983 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқыған.

Оқу бітірген жылы облыстық «Ленин жолы», қазіргі «Сыр бойы» газетіне корректорлық жұмысқа қабылданып, тілші, жауапты хатшының орынбасары, бөлім басшысы болды. 2006-2012 жылдар аралығында бас редактордың кеңесшісі, бас редактордың орынбасары, бас редактор қызметтерін атқарды.

Облыстық «Сыр бойы» газеті экономика бөлімінің басшысы ретінде салмақты сараптамалар жазды, толымды талдаулар жасады. Нарықтық экономикаға көшкен алғашқы кезеңде жоспарлы экономиканың кемшін тұстарын, алып кәсіпорындардың күйреуіне себеп болған жағдайларды, нарық талаптарын оқырманға түсіндірді. Экономика мен қаржы тақырыбын жазатын салалық басылымдар мен әдебиеттерді үзбей оқып, оқырманға жаңашылдықтарды терең түсіндіріп, қоғамдық пікір қалыптастырды.

Кейінгі жылдары адамзат тарихындағы айтулы оқиғаларды, олардың себептері мен салдарын терең зерттеді. Тұлғалардың өмірі, қитаталары, олардың тарихи оқиғалардың бетбұрысына әсер

еткен іс-әрекеттері туралы қалам тербелді.

Бірнеше кітаптың авторы және шығармашылық конкурстардың жеңімпазы атанды. «Сталиннен Горбачевқа дейін», «Тарих сыр шертеді», «Нағыз полковник», «Экономика. Жасампаздық жаңғыру жолымен: Тәуелсіздік жылдарындағы Сыр өңірінің тынысы» кітаптары оқырман тарапынан жоғары бағасын алды.

Ж.Ақсақалов «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қызылорда облысына 70 жыл», «Қызылорда облысының құрметті ардагері» медальдарының иегері. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қызылорда облысының және Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен марапатталған. «Қанатты қалам» ісшарасында түрлі номинациялардың жеңімпазы, 2007 жылы облыс әкімінің стипендианты атанған.

Сан алуан тақырыпты жан-жақты зерттеп, қалың оқырманға толымды туындылар ұсынған қаламгер, редакцияның аға буын ардагері Жолдасбек Ақсақаловтың жарқын бейнесі көптің жадында сақталады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық ардагерлер кеңесі, облыстық қоғамдық кеңес

ЖЫЛЫ ЖҮРЕКТІ ЖАН ЕДІ

Мәңгілік ешкім өмір сүрмейтіні анық. Тағдырдың шешімін адам баласы өзгерте ала ма? Міне біз кеше ғана ортамызда жүрген аңтына адал, достыққа берік, еліне қажырлы қызмет жасаған белгілі журналис Жолдасбек Әленұлы бауырымызды ағалықтан даналыққа бет бұрған, абыройлы бейнетінің зейнетін көрер шағында соңғы сапарға шығарып салдық.

Қайғының қара аспанын жамылып тұрып, оның мағыналы ғұмырында ел-халқына адал қызмет еткенін, атакмансап қуып, жалған абырой іздемей, қабілет-қарымына сай, тағдыр талайына жазған қызметтің жүгін арқалап, ағаға ізетті, кішіге қамқор, баталарына мейлінше жүрегі жылы әке болғанын, досы жоқпен сырласып, досы көплен сыйласып, ешкімді жатырмай, бауырына тарта білетін акеден көңіл, жылы жүректі жан болғанын айтқанымыз дұрыс болар.

Жүкең, мына аумалы-төкпелі тірлікте бір кісімен

Жолдасбектің сауаттылығы, журналистік шеберлігі, облыс халқы алдындағы беделі мен танымалдығы, сөзінің дуалылығы барша жұртқа мәлім.

Кезінде экономикалық тақырыптарды зерделеп, халық назарына ұсынуға елімізде санаулы журналистердің қатарында болғандығы көпшілікке белгілі. Бұл сала журналистен асқан білімдарлықты, қоғам тынысын, өмір ағысын тамыршыдай тап басып тани алатын дәлдікті талап ететіні анық.

Жолдасбек осындай та-

лаптардың үлесінен шыға білді. Мамандығына сай адаммы деген міне осы. «Адам қызметте, мансабында, ілгері ұмтылғанымен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» дейді даналар. Ол адамгершілікті бойына шақ киіміндей көрді, тастамады, кірлетпеді. Өзін ғана жылытпай, өзгеге де жылу берді. Бабаларымыздың кеңпейіл қасиетін бойына сіңірген, қандай ортада болмасын елдің еңсесін көтеріп, рухын биіктететін танымы, тағылымы мол, артына пікір сақтамайтын, ойындағысын тура айтатын мінезімен ерекшеленетін.

Бүгінде бір айта кететін жай, ағайындық игілікті істерді жүзеге асыру барысында аталық құрылым арасында топтасу бар сияқты. Мүмкін бұл бұрын мойындай алмай келген, не мойындағымыз келмей жүрген жақсылық шығар.

Жолдасбек әркез ағайынды қоғамдастырып, қандай

жағдайда да тірліктің басықасында болып, жанашыр қалпын, адал болмысын көпшіліктің қызметіне салатын.

Ағайын ортасындағы орны дара еді. Бұл менің қоғалған пышағымның сабы алтын еді» дегенім емес, шын бағасын, шынайы бейнесін білгесін айтып отырмын.

Жалпы ініміздің азаматтық биіктігі мен адамгершілік қасиеттерін бір сәтте айтып жеткізе алмайтындығымызға күмән жоқ. Күмәнсіз тілегіміз жатар жері жайлы, жаны жаннатта болсын деген дұғалы ниет қана. Халық даналығында «жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген сөз бар. Олай болса тіршілігінде жанынан тек жақсылық таратып ғұмыр кешкен Жолдасбек бауырымыздың есімі өзі өмірден озғанымен есімізде мәңгі сақталады.

Ендігі уақытта бауырымыздың абыройының ұрпақтары арқылы ұласып, жалғасқанының куәгері болайық.

Әріп ХОЖБАНОВ

ҮНДЕМЕЙ ЖҮРІП ҮЛКЕН ІС ТЫНДЫРАТЫН

Өткен жаздың шілде айы. Әйтеке би кентіндегі «Қазалы су сервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметкері Бауыржан Мөңдібай. Михайлюк көшесіндегі көріз жүйесі құдығындағы ақауды жөндеуге келді. Күнделікті жұмыс, әдеттегі жөндеу.

Ақауды жою кезінде әріптестері Б.Танатаров пен А.Тұрмаханұлы құдық ішінде ауа жетпей тұншыға бастаған. Қас-қағым сәтте Бауыржан еш ойланбастан, өз өмірін қатерге тігіп, алдымен әріптестерінің аман шығуына бар күшін салды, екі бірдей адамның өмірін сақтап қалды. Бұл — нағыз ерлік, адалдық пен адамдықтың айғағы.

Бауыржан ашық мінезді, елгезек, еңбексүйгіш азамат болатын. Әріптестері оны «үндемей жүріп үлкен іс атқаратын» деп еске алады. Үйінде асқар тау әке, асыл жар, жұмыста сенімді серік, нағыз азамат еді.

Жары Айнұр Оспанова «Бауыржан тек жұмыста емес, ағайын мен ел ортасында да ақылшы, беделді еді. Бәрі кеңес сұрап, сенім жүретін. Өте сәк, қырағы, епті болатын» дейді.

Бауыржанның ерлігі ескерусіз қалған жоқ. Қазалы ауданы әкімдігі Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаментіне оны «Ерлігі үшін» медалімен марапаттауға ұсыныс жасады. Бұл — ер есімін ел жадында қалдыруға бағытталған ізгі бастама.

Бауыржан Мөңдібайдың ерлігі — тек бір сәттік батырлық емес, өмірлік өнеге. Ол артында балаларына, туыстарына, әріптестері мен барша қауымға үлкен аманат қалдырды: адамның ең ұлы ісі — өзгенің өмірі үшін өз басын тәуекелге тігу.

Қарапайым еңбек адамының ерлігі — батырлықтың ең биік шыңы.

Бауыржанның есімі ел есінде қалады. Оның рухына тағзым етіп, артында қалған отбасына ел болып демеу көрсету — баршамыздың азаматтық борышымыз.

Айнұр ҚАЗМАҒАМБЕТОВА,
журналист

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры бойымен өтетін автокөлік жолдарындағы қауіпсіздік туралы ЖАДНАМА

- 1. Жалпы ақпарат**
Қызылорда, Ақтөбе, Маңғыстау және Түркістан облыстарының аумағы арқылы өтетін трасса бойындағы автокөлік жолдары IV санатқа жатады және жалпы пайдалану жолдары болып табылмайды. Бұл жолдар тек «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырына («Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС) техникалық қызмет көрсету мақсатында салынған.
- 2. Білу маңызды!**
Аталған жолдар тек қызмет бабында пайдалануға арналған. Жол бойында орналасқан газ құбыры — қауіптілігі жоғары нысан. Қауіпсіздік талаптарын бұзу — аварияға, газдың шығуына, жарылысқа және адамдардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін.
- 3. Қатаң тыйым салынады:**

- Жол мен газ құбыры трассасының маңында жер қазу, бұрғылау немесе құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге;
- Қорғау аймағы шегінде от жағуға, қоныс немесе шөп өртеуге, дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге;
- Автокөлік пен арнайы техниканы жолға немесе газ құбырына жақын қоюға;
- Қорғау аймағын белгілейтін ескерту белгілері мен бағаналарын сындыруға немесе алып тастауға.

- 4. Жауапкершілік:**
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС осы талаптарды бұзу салдарынан орын алған оқиғалар үшін жауап бермейді.
- Есіңізде сақтаңыз!**
Қауіпсіздік ережелерін сақтау — өз өміріңізді, мүлкіңізді және бүкіл өміріңіздің қауіпсіздігін қорғау деген сөз!

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



///БРИФИНГ

СЫР МӘДЕНИЕТІНДЕГІ СЕРПІН: 3 ЖЫЛДА 19 НЫСАН САЛЫНДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен облыстық тарихи-өлкетану музейінде өткен брифингте облыстық мәдениет басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов салада атқарылған жұмыстарды саралап, БАҚ өкілдерінің назарына ұсынды.

Облыста 413 мәдениет, өнер және архив мекемесі бар. Оның 209 – кітапхана, 172-сі – мәдениет үйі мен клуб, 14-і – музей, 11-і – архив, 2-і – театр және облыстық филармония, тарихи мәдени-мұраны қорғау, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік, «Анаға тағзым» орталықтары, қалалық парк халыққа қызмет көрсетеді. Айта кетейік, мәдениет саласында кейінгі 3 жылда жаңадан 19 нысан бой көтерді. Дәлірек айтсақ, 7 аудандағы «Руханият орталықтары» және «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Өнер орталығы», облыстық тарихи-өлкетану музейі, 8 ауылдық клуб ел игілігіне берілді. Сондай-ақ, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында бүгінде 3 ауылдық клубтың құрылысы жүргізілуде.

– Жас таланттарды табу мақсатында 1 халықаралық, 7 республикалық, 1 аймақтық, 86 облыстық байқау-фестиваль, жыр-мүшәйралар, ақындар айтысы ұйымдастырылып, оған 3 мыңға жуық өнерпаз, 61 би тобы қатысып, 42 бас жүлде, 56 бірінші орын, 65 екінші орын, 48 үшінші орынды иеленді. Бұдан бөлек, алыс-жақын шетелдер мен еліміздің өзге өңірлерінде өткен 33 халықаралық, 32 республикалық, 10 аймақтық конкурста аймағымыздан 500-ге жуық өнерпаз, 25 би тобы қатысып, 72 бас жүлде, 140 жүлделі орын иеленді.

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында 191 спектакль көрерменге ұсынылды. Оның ішінде ел және шетел әдебиетінен алынған драмалық спектакльдермен қатар, балаларға арналған қойылымдар бар. Театр ұжымы жыл көлемінде 3 халықаралық, 1 республикалық фестивалге қатысып, биік белестен көрінді. Сонымен қатар, облыстық филармонияда 200-ден астам мәдени іс-шара өткізіліп, оған 50 мыңнан аса көрермен қамтылды, – деді басқарма басшысы.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда Наурыз мерекесін кең көлемде атап өту жөніндегі тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің қолдауымен Сыр өнерпаздары биік наурыз айында Еуропаның Финляндия, Эстония, Испания елдерінің Хельсинки, Таллин, Мадрид қалаларында еліміздің салт-дәстүрлерін халықаралық деңгейде насихаттап, өнер көрсетті. Бұдан бөлек, Республика күні мерекесі және Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-нің астанасы болғанына 100 жыл толуына орай Швейцарияның Женева, Берн қалаларында Сыр өнерпаздарының концерті өтті. Ұлы Абайдың 180 жылдығы мерейтойы құрметіне Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында Қызылорда



Коллаж Г.Өтеісова

облысының өнер күндері, Алаштың анасы атанған Сыр өңірінің бай мәдениеті мен әдебиетінен, тарихы мен өнерінен ақпар беретін қайталанбас құнды жәдігерлерден «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» тақырыбында көшпелі көрме ұйымдастырылды.

Басқарма басшысы баяндағандай, жыл басында Өзбекстан Республикасының архивінен облыс тарихына қатысты деректердің көшірмесі алынды. Құнды құжаттар «Қызылорданың астаналық кезеңі: тарих пен тағылым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция және «Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырудың тиімді тәжірибелері» тақырыбында өткен республикалық семинарда көрмеге қойылып, қатысушылардың қызығушылығын тудырды.

Облыста 14 музей халыққа қызмет көрсетеді. Қорда 165 680 экспонат бар. Айта кету керек, музейлерге келушілер саны өткен жылмен

салыстырғанда 38 пайызға артқан. Бүгінде жалпы музей қоры 3094 жаңа экспонатпен толыкса, 11156 экспонат цифрлық форматқа көшірілген.

– Өздеріңіз білесіздер, аймақ басшысының қолдауымен Сырдария өзенінің сол жағалауынан заманауи үлгідегі облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Музей қорында 70 мыңға жуық құнды экспонат пен артефакті сақталуда.

Осы жылдың қыркүйек айында Ұлттық музейде Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен, «ТҮРКСОЙ» музейлер кеңесімен бірлескен Сыр өңірінің тарихынан сыр шертетін «Оғыз далалық мәдениетінің іздері» атты халықаралық көшпелі көрмесі өткізілді. Көрмеге музей қорындағы 300-ге жуық түнұсқа жәдігер қойылды.

Аймақта 459 тарихи-мәдени мұра нысаны мемлекет қорғауына алынған. Оның ішінде 31 республикалық, 398 жергілікті маңызы бар тарих

және мәдениет ескерткіші мемлекеттік тізіміне енгізілген болса, 30 ескерткіш алдын ала есепке алынған тарихи-мәдени мұра нысандарының тізіміне тіркелген, – дейді Ж.Сейілов.

Осы орайда айта кетейік, жыл сайын облыстық бюджет қаржысына ежелгі және ортағасырлық тарихи орындарға археологиялық қазба жұмыстары, реставрациялау жүйелі жалғасып келеді.

Бүгінде облыста 209 мемлекеттік кітапхана бар. Жалпы кітап қоры 4 552 346 дана, 236 847 оқырманға қызмет көрсеткен. Биыл кітапханалар қорына 11 972 дана жаңа әдебиет алыныса, 1100 кітап цифрлық форматқа көшірілген.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес «Адал адам – мәдени-тәрбие орталығы» жобасы 172 мәдениет үйі мен клубта 7 бағытта қызмет көрсетіп, 1074 көркемөнерпаздар үйірмесі мен өнер ұжымына 12 842 өнерпаз қамтылған. Сонымен бірге, өңірде креативті индустрияны дамытуға бағытталған жұмыстар да қарқынды жүргізілуде. Мәселен, «Creative Караван» облыстық көшпелі көрмесі ұйымдастырылып, жоба аясында ауыл, аудандардағы «Адал адам – мәдени-тәрбие орталықтарындағы» мамандар мен креативті кәсіпкерлерге оқу дәрістері өткізілген. Нәтижесінде, креативті кәсіпкерлердің базасы қалыптасып, облыс бойынша 150-ден астам кәсіпкер «Creative orda» бизнес клубының мүшесі атанды.

Жыл аясында Алматы облысы мен Сыр елінің айтыскер ақындары, күйшілері, жыр-терме жүйріктері, дәстүрлі орындаушылары арасындағы «Адал еңбек – ел ырысы», «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» атты республикалық ақындар айтысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, күйші, академик С.Тұрысбековтің, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ұ.Есдәулеттің шығармашылық кеші, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының 70 жылдығына орай «Сырдың Сәйбасы – І» халықаралық театрлар фестивалі, түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» атты халықаралық музыкалық өнер фестивалі, Сыр шайыры Қарасақал Ерімбеттің 175 жылдығына арналған «Ұлағат жырым ұрпаққа» атты республикалық жыршылар байқауы сияқты тағылымды іс-шаралар өзіндік ерекшелігімен ел есінде қалды.

Басқарма басшысы Ж.Сейілов сөзін қорытындылай келе, республика көлемінде, халықаралық деңгейде өткізілген айтулы іс-шараларда облыс өнерпаздары бірнеше мәрте жоғары жүлделер иеленгенін, сондай-ақ мәдениет және шығармашылық өкілдерінің мемлекеттік марапат төрінен табылғанын атап өтті.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**

ҚАУЫМДЫҚ СЕРВИТУТ БЕЛГІЛЕУ ТҮРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 69-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес экспликация бойынша жер учаскелерін алып қоймай «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру үшін 2030 жылдың 15 қарашасына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. «Beineu-Bozoi-Shymkent 2 Ltd.» компаниясы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын.

3. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі және Жаңақорған аудандарының әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысы
әкімінің міндетін атқарушы
Д.ЖАНАЛИНОВ**

ҚАУЫМДЫҚ СЕРВИТУТ БЕЛГІЛЕНЕТІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

№	Нысаналы мақсаты	Жер санаты	Қауымдық сервитут белгіленетін көлем (гектар)	Оның ішінде:		
				жайылым-дығы	суармалы егістік	басқа алқаптар
1	2	3	4	5	6	7
Қызылорда қаласы						
1	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	3,4954	2,2371	-	1,2583
		босалқы жер	82,1038	52,5464	-	29,5574
	Барлығы:	-	85,5992	54,7835	-	30,8157
Арал ауданы						
2	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	84,2753	46,0986	-	38,1767
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	64,0467	-	-	64,0467
		босалқы жер	1021,5150	558,7687	-	462,7463
	Барлығы:	-	1169,8370	604,8673	-	564,9697
Қазалы ауданы						
3	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	27,5885	19,2844	-	8,3041
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,0757	-	-	0,0757
		босалқы жер	304,4226	212,7914	-	91,6312
	Барлығы:	-	332,0868	232,0758	-	100,011
Қармақшы ауданы						
4	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру үшін	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,0150	-	-	0,0150
		босалқы жер	390,9607	302,2126	-	88,7481
	Барлығы:	-	390,9757	302,2126	-	88,7631

Жалағаш ауданы						
1	2	3	4	5	6	7
5	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру үшін	босалқы жер	133,3942	107,7825	-	25,6117
		Барлығы:	-	133,3942	107,7825	-
	Сырдария ауданы					
6	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	5,6375	4,3803	-	1,2572
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,5658	-	-	0,5658
		босалқы жер	289,3242	224,8049	-	64,5193
	Барлығы:	-	295,5275	229,1852	-	66,3423
Шиелі ауданы						
7	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	123,1002	93,9255	-	29,1747
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,0566	-	-	0,0566
		су қорының жері	0,2216	-	-	0,2216
	босалқы жер	184,4794	140,7578	-	43,7216	
Барлығы:	-	307,8578	234,6833	-	73,1745	
Жанақорған ауданы						
8	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін орналастыру үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	210,0672	124,6303	4,0667	81,3702
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,3058	-	-	0,3058
		босалқы жер	220,7894	133,5776	-	87,2118
	Барлығы:	-	431,1624	258,2079	4,0667	168,8878
Жинағы:		-	3146,4406	2023,7981	4,0667	1118,5758

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымырда газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 21998

Тапсырыс №2081

Кезекші редактор **Айсауле ҚАРАПАЕВА**